АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ
ӘКІМІ

АКИМ
АЙТЕКЕБИЙСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ

29.03.2024ж № 2

Әйтеке би ауданы
Темірбек Жүргенов ауылы

РЕШЕНИЕ

Айтекебийский район
село Темирбека Жургенова

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» бұйрығына және Әйтеке би ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының кезектен тыс шұғыл отырысының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 3 хаттамасының негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды өткізуге төтенше жағдайлардың алдын алуға басшы етіп өзімді тағайындаймын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешімнің оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 28 наурызынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

Әйтеке би ауданының әкімі **Д.Тоғызбаев**

000228